



# SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№5 (430) 10 желтоқсан,  
2021 жыл



## ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ

**Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидастар жиынтығы**

(Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы сөзінен үзінді, 23.11.2021 жыл)

**Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық.**

Мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті. Қазақтың барша арман-мақсатының орындалуы тек Тәуелсіз мемлекет, дербес ұлт жағдайында ғана мүмкін екенін ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздікті нығайту – экономиканы нығайту.

**Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры.**

Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеу – әр азаматтың парызы. Бірлігімізді арттырып, ынтымағымызды күшейтсек қана елдігіміз нығайып, егемендігіміз баянды болады.

**Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы.**

Жерден қасиетті ешнәрсе жоқ. Қазақ үшін ел мен жер – тұтас ұғым. Ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа мирас ету – біздің ортақ борышымыз.

**Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын дінгегі.**

Отбасы – ұрпақ тәрбиесінің ұстаханасы, қоғамдық қатынастардың бастауы саналатын бірегей институт. Қай кезеңде де біз үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануымыз қажет.

**Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі.**

Өркениетті отыз елдің қатарына қосылуда материалдық құндылықтармен қатар, рухани байлықтың маңызы зор. Сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал.

**Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті.**

Табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастардың санасына сіңіру қажет.

**Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі.**

Прагматизм принциптері бойынша барынша қанағатшыл, үнеміл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға талпынған жөн. Осылайша біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қойған жасампаз ел боламыз.

**Елдіктің жеті тұғыры дегеніміз – осы!**

## Құрметті әріптестер! Қымбатты жастар!

Баршаңызды еліміздің ең ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл бар игілік пен дамудың бастауы болған тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Еліміз тәуелсіздік жылдарына дейін алтын таққа отырған асқаралы замандарды да, өзгенің бодауында болған кезеңдерді де бастан өткерді. Сондықтан әрбіріміз үшін бұл күннің мәні терең, құндылығы жоғары.

Тарих үшін аз уақыт болғанымен егемендік алған осы жылдар ішінде ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастауымен бұрын-соңды қол жетпеген белестерді бағындырдық. Елдігіміз нығайып, әлемдік өркениетте өз орнымыз қалыптасты.

Бұл турасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр» деп тарихи қысқа уақытта мемлекет тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетімізді арттыратын іргелі істер атқарылғанын айтқан еді.

Бүгінде Қазақстанды халықаралық қауымдастық мәртебесі биік, біртұтас, экономикасы тұрақты даму үстіндегі табысты ел ретінде таниды.

Ғасырлар бойы азаттық аңсаған бабарларымыздың басты арманы егемендікке қол жеткізу болса, біздің ендігі асыл мұратымыз – мәңгілік ел болу.

Сіздерді Ұлттық мерекемізбен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!

Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Бейбіткүл КӘРІМОВА

## ҚЫЗЫЛОРДАДА «ORDA IDEAS» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

«ORDA IDEAS» – Kun.kz диалог платформасы мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бірлескен жобасы.

Өңірлік сарапшылар алаңының алғашқы шығарылымы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасын негізге ала отырып, «Интернет заманында кітап оқу өзектілігі өзгере ме?» тақырыбында өткізілді. Елге белгілі тұлғалар қоғамдағы маңызды мәселені талқыға салып, шешу жолдарын қарастырды.

Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, Kun.kz диалог платформасының модераторы Мұрат Әбенев жоба барысында кітаптың құндылығы, елімізде осы бағытта атқарылған жұмыстар, шетел практикасы туралы сөз қозғап, білімді ұрпақ ұлттың жарқын болашағы екенін жеткізді.

– Қазіргі жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру – үлкен мәселе. Бірақ оны біржақты шеше алмаймыз. Қоғамдағы әр азамат бірлесіп шешу жолын қарастырғанда ғана нәтижеге жетуіміз мүмкін. Кітап оқу – бәсекеге қабілетті болудың негізі. Ел болашағы, оның жан-жақты дамуы білімді, сауатты адамдардың қолында, – деді Мұрат Әбенев.

Тікелей эфирде Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Наурызбай Байқадамов, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Кәрімова, Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова, Қызылорда облыстық кәсіпкерлер

палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов ел тұрғындарының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап оқу дағдысын қалыптастыру бағытында ұсыныс, пікірлерін айтты.

Эфирге ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ерғалиев, Ақпарат және қоғамдық



даму министрлігі жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Шахмардан Байманов, Әлем чемпионы, жастардың мотиваторы Илья Ильин онлайн қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Көрермендер «ORDA IDEAS» жобасын «Facebook», «Youtube» желілерінде тікелей эфирде тамашалап, жазбаша сауалдарын жолдады.

Айта кету керек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде кітап пен ғылыми әдебиет қоры жиі толықтырылып, интернет ре-

сурстар қолжетімділігі жылдан жылға артып келеді. Ғылыми кітапхананың жалпы қоры 2 118 674 дананы құрайды. Негізгі білім беру бағдарламаларын жаңа басылымдармен, оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында республикалық және шетелдік баспалармен жұмыс жүргізіледі. 2020-2021 оқу жылында 5388 дана оқу құралы мен ғылыми әдебиет сатып алынды.

Ғылыми кітапхана ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұлттық жазылымы бойынша «Scopus/Sciencedirect» және «Web of Science» халықаралық деректер қорына қол жеткізе алады, сондай-ақ отандық ақпараттық ресурстардың деректер базаларын да пайдаланады.

– Университет кітапханасын заманауи кітаптармен қамтамасыз ету маңызды. Қазіргі таңда ғылыми еңбек, көркем әдебиеттердің электронды нұсқасының болуына ерекше көңіл бөлудеміз. Біріншіден, электронды кітаптар қолжетімді. Екіншіден, білім алушылар оны кез-келген уақытта пайдалана алатындықтан ыңғайлы. Бүгінде студенттерге «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша жарық көрген кітаптарды оқуға барлық мүмкіндіктер жасалды. Шетелдік кітаптарға келер болсақ, былтыр университетте Корей бұрышы ашылды. Онда Кореяда шыққан ағылшын және корей тіліндегі кітаптар қойылды, – деді Бейбіткүл Кәрімова.

Аталмыш жоба алдағы уақытта да жүзеге асып, сарапшылар алаңында өзекті тақырыптар талқыланып болады.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫС НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ



Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры Бейбіткүл Кәрімова Қазақстандағы Үндістан елшілігінің жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығының өкілдерімен кездесті. Жиында ынтымақтастық байланысты одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

– Үндістан халқы өзінің тарихы, сан қырлы мәдениетімен әлемге әйгілі. Қай кезде де өнерде шекара болмайды. «Үндістан достары» шарасының аясында бай мәдени мұрасымен ерекшеленетін елдің өнерімен біздің білім алушылар кеңінен танысуда. Алдағы уақытта да екі ел арасындағы мәдени байланыс арта береді деген сенімдемін, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Мерекелік шара аясында университет-

те SVCC оқытушылары үнді музыкасы, бии және йога бойынша шеберлік сабақтарын ұйымдастырды.

Сондай-ақ, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің кітапханасында Үнді кітап бұрышы ашылып, Үндістанның тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті, танымал тұлғалары туралы 200-ге жуық кітаппен толықтырылды. Шара барысында «Махатма Ганди мұрасы» тақырыбындағы эссе сайысының қатысушыларын марапаттау рәсімі өтті.

«Үндістан достары» шарасының аясында Достық үйінде университет студенттері мен SVCC оқытушылары қорытынды концерт берді. Кеште студенттер мәдени орталық өкілдерімен бірге сахнаға шығып, шеберлік сабақтарында үйренген өнерлерін ортаға салды.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ БОЛЫП ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Qorqut ata sur» студенттер арасында республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Шешендік пен ұтқыр ой саналатын сайысқа еліміздің барлық аймағынан 18 команда қатысты.

Дебат – жастардың логикалық және сыни ойлау қабілетін ұштайтын интеллектуалды ойын. Қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп, тәуелсіз шешім қабылдауға бейімдейді.

Пікірсайыс турнирі американдық парламенттік және Линкольн-Дуглас форматында өтті. Турнирге еліміздің іргелі жоғары оқу орнының білім алушылары қатысты.

Екі күндік сайыстың қорытындысы бойынша I орын (300 мың теңге) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Бекзат Саттарханов» фракциясына, II орын (150 мың теңге) Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университетінің «Терең дем ал» фракциясына және жүлделі III орын (100 мың теңге) Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Цицерон» фракциясына табысталды. Республикалық пікірсайыс турнирінің «Үздік спикер» (30 мың теңге) номинациясын М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті Алима Калисаева иеленді. Ал «Үздік төреші» (30 мың теңге) номинациясымен аймағымыздың тәжірибелі пікірсайысшысы Маржан Ердібек марапатталды.

**Университеттің медиа орталығы**

## ТАҒЫЛЫМДЫ ТҰЛҒА

Ұлы Абай «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады» дейді. Міне, осы мінез деген сауытын ақыл-парасатымен, кемеңгерлігімен, жайсаңдығымен бір арнада тоғыстыра білген Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Жеңіс Сәдуақасұлы биыл – 75 жаста.

### Теңіз төскейінің перзенті

Жеңіс Сәдуақасұлы биографиясы ерекше жан. Ғалым 1945 жылы 9 мамыр – жау ұясына жалау тігілген күні өмірге келді. Осылайша ел қуанышы еңсе тіктеген сәтте дүние дидарын алғаш көрген сәби Жеңіс есімін иеленді. Теңіз төскейінде туған перзент 7 сыныпқа дейін Арал ауданының Ұялы ауылын мекен етті. Ұялының сол кездегі бір ерекшелігі – құмды қазса, ыза топырақ, одан соң тұщы су шығады екен. Теңіздің ащы суы құммен шайылып, содан құралған тұщы суды ауыл тұрғындары тасып ішкен. Зерттеушілердің нысанына айналған бұл кезеңдерді Жеңіс Сәдуақасұлы көзбен көріп, сағынышпен еске алады.

### Ғылым жолындағы табандылық

Болашақ ғалымның білімге құштарлығы бала кезінен байқалды. Мектеп жасынан бастап кітапқа құмарлығымен қоса, қабырға газеттерін шығару арқылы белсенділігімен көзге түсті. Жас маман Н.В.Гоголь атындағы пединституттың филология факультетінің Қазақ тілі мен әдебиеті



мамандығына оқуға түсті, оны 1971 жылы үздік бітірді.

Әрі қарай еңбек жолын мектепте жалғап, 1979 жылы университетке оқытушы болып жұмысқа орналасады. Сол кезден бастап болашақ жас ғалымның ғылыми ізденісіне жол ашылды.

- Менің ең алғашқы тақырыбым – қазақ тіліндегі жіктік жалғаудың мағыналық ерекшеліктері туралы болды. Менің мақсатым – жіктік жалғаудың емлесін толығымен ашып, айқындау еді. Өйткені орыс ғылымында көптеген жалғаудың негізгі өз мағынасынан басқа да қосымша мағыналары бар екендігі айқындалды. Менің ғылымға келу жолыма ең алғаш есік ашқан – менің ұстаздарым. Солардың бірі Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетінің деканы – Нұрлыбек Ерназарұлы Жүнісов. Сол кісі бірсыпыра үздік оқыған жастарды ғылымға тарту мақсатында университетке әкелуге себепші болды, - дейді Жеңіс Сәдуақасұлы.

1988 жылы кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін докторлық диссертацияға бағыт алды. Ғылыми жетекшісі профессор Қайырболат Есенов синтаксис саласының маманы болғандықтан, тақырыпты да сол салаға қарай орайластырған. Сөйтіп жай сөйлемнің

құрылымдық типтерінің мәнін ашуға талпыныс жасайды. Сөйтіп еселі еңбектің нәтижесімен 1997 жылы докторлық диссертациясын да сәтті қорғады.

Ғалым 11 докторлық, 19 кандидаттық диссертациялық жұмысқа сарапшылық жасады. Оның жетекшілігімен 1 ғылым кандидаты, 16 магистрант диссертацияларын қорғап, дәрежелерге ие болды.

### Өз өмірінің ұстасы

«Білімі көп адам – құралы көп ұста сияқты, не істесе де, келістіріп істейді». Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының дәл осы сөзі, қай жағынан алып қарасақ та, Жеңіс Сәдуақасұлына қарата айтылғандай. Оның алдымен білімділік қарымы – қазақ тіл білімінің синтаксис саласында біраз жетістіктерге жеткізсе, отбасындағы, тұрмысындағы қолөнер шеберлігі, ұсталығы да үй жиһаздары мен құралдарын жасауда кәдеге асты. Бүгінде ағамыздың үйінде осыдан 27 жыл бұрын жиен немересіне жасаған бесігі әлі сақтаулы тұр. Ғалымның жан-жақтылығы ұсталықпен шектелмейді. Кез келген ортада Жеңіс ағай туралы әңгіме қозғалса, оның домбыра жақындығы, күйшілік шеберлігі қоса айтылады.

Оноре де Бальзактың «Сұрау белгісі – барлық ғылымдар кілті» деген сөзі бар. Расында, бір ғана сауалдан бастау алған сан саладағы ғалымдар ізденісі бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтпай келеді. Жеңіс Сәдуақасұлы да тіл білімі саласындағы бір сұрақтың азаюына үлес қосқан қазақ ғылымының майталманы.

**Гауһарай ЕСІМОВА,**

**Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі**

## «АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНА 10 ЖЫЛ!

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары, өкінішке орай, Қазақстан Республикасы бойынша археологиялық ізденістер тоқырауға ұшырап, ал Сыр өңірінде мүлдем тоқтады.

Сол жылдарды Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты (АИ) директорының орынбасары, т.ғ.к., археолог-ғалым Жолдасбек Құрманқұлов былай еске алады: «Сыр өңіріндегі жүздеген тарихи құндылығы зор ескерткіштерді одан әрі зерттеуге мұрындық болған 1998 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде жасақталған барлау экспедициясының жұмыстары болды. Университет ректоры Қ.А.Бисенов ұйымдастырған бұл экспедицияға белгілі фольклорист ғалым, профессор А.Алматов және бірқатар университет ғалымдары қатысты. Экспедиция мыңдаған шақырым жол жүріп, жүздеген ескерткіштерді көріп, зерттеп, ұзақ жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын жасады». Нәтижесінде «Сырдария қалаларының көне мәдениеті және Қорқыт мұраларына байланысты 1999-2010 жылдар аралығында жүргізілетін зерттеу жұмыстарының бағдарламасы» айқындалып, ғылыми ізденістер жаңа мазмұн алды.

Содан бері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті білім беру, ғылым мен мәдениеттің ордасы ретінде Сыр өңіріндегі археологиялық ізденістерді жүргізудің тұрақты бағыты болып қалыптасты.

Алғашқы зерттеу кезеңдерінде Сыр өңірінің тарихын зерттеуге, жазуға өзіндік үлес қосқан университет профессорлары М.Қ.Кереев, А.Х.Айдосов және Ә. Жақыпұлы сынды өмірден өткен ғалым ағаларымыздың еңбегін ерекше

атап өткен жөн.

2004 жылы Елбасының тікелей басшылығымен жасалған, елдің өткен тарихы мен мәдени, әдеби құндылықтарын жинастырып, болашақ ұрпаққа ұсынуды мақсат етіп қойған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Сыр өңірі ескерткіштерін зерттеудің



жаңа кезеңі басталды. Осы жылы Қызылорда қаласында «Арал аймағының археологиялық зерттелуі: жетістіктері мен болашағы» атты халықаралық ғылыми конференция өткізіліп, Арал маңының ежелгі және ортағасырлық тарихын кешенді зерттеу мақсатында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ, Ә.Х. Марғұлан атындағы АИ институты және Ресейдің Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты арасында үшжақты келісім-шарт жасалды.

Сырдарияның төменгі ағысы бойында орналасқан ескерткіштерді әрі қарай зерт-

теу, археологиялық ізденістердің нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу мақсатында университет жанынан 2011 жылы 1-қазанында «Археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығы» құрылды.

Ғылыми зерттеу орталығы 3 халықаралық жоба, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 4 гранттық

жоба, 12 облыстық жоба орындады.

Қазақ тарихының тереңдігі мен көп қырлылығының куәсі болып табылатын археологиялық ескерткіштерге деген қамқорлық пен жауаптылық, жан-жақты табанды зерттеулер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құндылықтарының бірі болып қала бермек.

**Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,**

**«Археология және этнография» ғылыми орталығының жетекшісі**

*Биылғы жыл – еліміз үшін ерекше жыл. Қас-қағым уақыт тәрізді, тәу еткен Тәуелсіздігімізге – 30 жыл, Желтоқсан оқиғасына – 35 жыл. Қазаққа Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Біз оған ызғарлы Желтоқсанда империя бодандығына қарсы бұлқынған намысшыл жастардың арқасында қол жеткіздік. Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды желтоқсан оқиғасының куәгерлері, университет оқытушыларымен әңгіме өрбіттік.*

Сұқбаттасқан: Аида БАТУХАН



**Айтжан ОРАЗБАҚОВ,**  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

– Айтжан Жұмабайұлы, желтоқсанның он алтыншы жұлдызын біреулер мереке деп тойласа, енді бірі қаралы күн деп қан жұтады. Сіз бұл күнді қалай қарсы аласыз?

– Жастардың алаңға шығып, өз ойларын білдірген күні әрдайым есте. Сондықтан бұл күнді еске алу күні деп айтар едім.

– Желтоқсанның сол ызғарлы күнін елестетудің өзі қорқынышты. Оқиғаның бел ортасында болған жан ретінде осы уақытты суреттеп берсеңіз.

– Көтерілістің басталуына Мәскеудегі орталықтың республика халқының пікірімен санаспастан Ресейдің Ульянов облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы Г.В. Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы етіп тағайындауы түрткі болды. Түскі уақытта сабаққа барсам, аудитория бос. Студенттердің барлығы Л.И.Брежнев атындағы алаңға кетіпті. Ол уақытта партия мүшесімін, партком хатшысымын. Ұстаздарым алаңға барып, үкіметке қарсы бас көтерген оқу орнының студенттері болса, қайтарайық деп ертіп шықты. Алаңда жастар топ-топ болып жиылған, орталарынан лидерлері шығып, өз пікірлерін кезек-кезек айтып жатыр. Үкімет басшылары трибунаға шығып халыққа басу айту үстінде. Мен үшін бұл оқиға – жастардың ойын, пікірін білдіргісі келген үлкен оқиға болды.

– «Метель» операциясы туралы не айтар едіңіз?

– Алматы қаласындағы «Динамо» стадионы жанынан өткенде, бір қолында қалқан, екінші қолдарында сойылтаяғы бар сарбаздардың дайындалып жатырғанын көретінбіз. Алаңда жастар үкімет үйіне қарай барамыз дегенде, жолды бөгеп тұрған қызыл шенді сарбаздар болды. Үкіметке қарсы ой-пікірін білдірген жастарды көлікке тиеспей әкетіп жатты. Осыдан-ақ, оқиғаның қаншалықты ауқымды, күрделі болғанын көре аламыз. Оқиға болған түні сарбаздар алаңға шыққан студенттерден жеке-жеке жауап алды. Тіпті, алаңнан түсірілген фотолар арқылы студенттерді іздеуге кірісті. Ал, жатақханадағы ер жігіттерді әскери кафедраға қамап, барынша мойындатуға тырысты.

**Гүлмира БАЯЛИЕВА,**  
филология ғылымдарының кандидаты

– Желтоқсан көтерілісіне қатысқан, оқиғаның анық-қанығын көрген жансыз. Жастардың қалауы не болды?

– Мен ол уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2 курс студентімін. Ол жерге жастарды ешкім күштеп, болмаса зорлап шығарған жоқ. Қазақ жастарын ата-бабамыздың қанында болған егемендікке, бостандыққа деген талпынысы, аңсауы, күрескерлігі, рухы алып шықты деп ойлаймын. Әр жастың бойында патриоттық сезім өрши түсті. Жастардың басты ұраны: «қазақ жерін қазақ азаматы басқарсын!» деген болатын.

**Мадина ЖУСУПБЕКОВА,**  
заң ғылымдарының кандидаты, доцент

– Оқиғаның бел ортасында болған жан ретінде сол сәтті суреттеп берсеңіз...

– Қыс, желтоқсан айы, ауа райы салқын. Алаңда бейбіт шеруге шыққан жастар, олардың қолында «Сөз бостандығы!», «Әр халыққа - өз көсемі!», «Өз жолымызды тандауға мүмкіндік беруді талап етеміз!» деген плакаттар. Жастар Қазақстанның коммунистік партиясының орталық комитетінің шешіміне наразылық білдіру арқылы өздерінің конституциялық құқығын пайдаланды. Біраз уақыттан соң жастарды алаңнан қуу үшін өрт сөндіру машиналары мұздай суды жастарға бағыттап шашты. Осындай іс-әрекеттер әрине, жастардың бойында қарама-қайшылық тудырады. Өйткені, олардың талап еткенін, өздерінің конституциялық талаптарын пайдаланғанын ешкім тындап, құлақ асқысы келген жоқ.

Арнайы қызметтер жастарға қарсы провокациялық әдістерді қолданды, яғни, төбелес, арақ тарату, тонау т.б. Кейін осының бәріне жастарды кінәләді. Сол кезде жастарды басу үшін Кеңес Одағының басқа қалаларынан әскери күштер шақырылған. Солдаттар қыздарды аямай ұрып соққан т.б.

– Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы қандай? Ол өзі, көтеріліс пе? оқиға ма?

– Желтоқсан оқиғасының маңызы өте зор. Жалпы, Желтоқсан оқиғасы сол тәуелсіздіктің ұшқыны және қазіргі таңда өзектілігін жойған жоқ деуге болады. Себебі, желтоқсан оқиғасы сөз еркіндігі, плюрализм сияқты демократиялық институттардың қалыптасуының негізі болып, Қазақстан халқының өз құқықтары мен бостандықтары үшін күресінің, тілі мен мәдениетін құрметтеу талабының бастамасы болды.

Желтоқсан оқиғасы қазақ халқын біріктіріп, халықтың сана сезімінің өсуіне ықпал жасады және мемлекеттің егемендік пен тәуелсіздікке жетуіне маңызды қадам болып табылды. Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ тіліне назар аударылып, қазақ халқының тарихына, әдет-ғұрыпына және салт-дәстүрлеріне қызығушылық пайда болды.

– Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы қандай?

– 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі бүгін біз үшін артында қалдырған тарихи сабақтарымен қымбат. Ол ең алдымен қазақ елі үшін мемлекеттік тәуелсіздіктен биік құндылықтың болуы мүмкін емес екендігін көрсетіп берді. Желтоқсан күндері осы жалпыұлттық идеяны көтеріп, оның жолына өз өмірін арнаған Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды мыңдаған ұл-қыздарымыз ұлт тарихында құрметпен атауға лайық.

– Мұхтар Шаханов: «Ызғарлы, мұзқарлы Желтоқсанның ащы шындығы әлі күнге дейін толық айтылмай, ашылмай келеді» деген еді. Ақынның пікіріне келісер ме едіңіз?

**Қали ОМАРОВ,**  
ғылым департаментінің директоры

– Желтоқсан көтерілісі тұсында қай ЖОО-да оқитын едіңіз және Сізге ол қалай әсер етті?

– 1986 жылдың желтоқсан айында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті география факультетінің 4-курс студенті әрі факультеттің студенттік деканының орынбасары едім. Экономика ғылымдарының кандидаты Гүлжан Карагузова жүргізетін «Социализмнің саяси экономикасы» сабағында отырғанбыз, дәрісханаға орталық партия комитетінен жіберілген ақпараттық-насихаттық топ мүшелері кірді. Осы топтың жетекшісі Ахметжанов (Қызылорда обкомының бөлім меңгерушісі) Кеңес одағы компартиясы орталық комитетінің Қазақстан басшылығына орыс ұлтының өкілі Г.В. Колбинді қою туралы шешімінің уақытылы әрі өте дұрыстығын дәлелдеп, оған қарсы болып алаңға шыққандарды «ұлтшылдар», «интернационализм ұғымына селкеу түсірген қаскөйлер», «наркомандар», «бұзақы элементтер», «маскүнемдер», «адасқан тобыр», тағы басқа қисынға келмейтін жала сөздерімен сыбағаны бүгінгідей есімде.

– Көтеріліс несімен есіңізде қалды?

– Желтоқсан көтерілісі тұсында өзімнің көргенім, жақын достарым мен бірге оқыған қатарластарымнан естігендерім өте көп.

18-желтоқсанда түн ортасы ауа алаңды қоршаған арнайы жасақтың шабуылы басталады. Мұздай құрсаңға жазалаушылар қолдарындағы сойылтаяқ, сапер күректерімен жастарды бас-көз демей, ұрып-соғып, құлағандарын сүйреп арнайы көліктерге тоғытып отырады. Қаумалағандардың шебін бұзып өтуге талпынғандар түрлі жарақат алып, шарасыз күйге түседі. Осы сәтте ортаға қыздар шығып, жалынды сөздерімен беті қайтқан жігіттердің намысын оятады. Жігерленген жастар қарулы жасаққа жалаң қолмен ұмтылып, қоршауды бірнеше жерден бұзып өтеді. Түнгі қырғыннан осылайша құтылып шыққан курстастарымыздың әңгімесін тындап отырып, қыздарымыздың қайтпас қайсарлығына тәнті болдық.

– Әрине, келісемін. Желтоқсан оқиғасының әлі де айтылмаған шындығы бар деп ойлаймын. Желтоқсан оқиғасында қанша адамның қаза тапқаны әлі күнге дейін нақты емес. Ресми деректерде тек төрт адамның ғана аты айтылса, бейресми дереккөздер марқұм болғандар санының бұдан әлдеқайда көп екенін мәлімдеп келеді. Елім, жерім деп бас көтеріп, қайсарлық танытқан ержүрек жастарымыздың біршамасы сол уақытта оқудан шықты. Мейлі отыз бес жыл өтер, қырық жыл өтер, желтоқсанның шындығы ашылатын күн алыс емес деп ойлаймын.

Тәуелсіздігіміздің мәні өзгеше, бағасы теңдессіз. Ендеше, тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашанда биік болсын!

# ЕГЕМЕН ЕЛМЕН БІРГЕ ЕСЕЙГЕНДЕР

Азаттықтың ақ таңы атқан шақта дүние есігін ашқан бүлдіршін бүгінде ел үшін еңбек етіп жүрген жас. Егемен елмен бірге есейген тәуелсіздіктің төл құрдастары биыл 30 жаста. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабырғасында білім алып, кәсіби маман атанып, қазіргі таңда еңбегінің жемісін көріп отырған университет түлектері туралы сөз етеміз.

**Рахметулла ЖАШПАРБЕРГЕНОВ,**  
«Физика-химиялық талдау әдістері»  
инженерлік зертханасының ғылыми қызметкері

**Мақсатым – Қазақстанның ғылымына үлес қосу**

– Мен 1991 жылы 2 маусымда Сырдария ауданында дүниеге келдім. №35 Иса Тоқтыбаев атындағы мектеп лицейін тәмамдаған соң, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне «Жол қозғалысын және жүк тасымалды ұйымдастыру» мамандығына түсіп, оны үздік дипломмен тәмамдадым. Оқу бітірген жылы университет басшылығынан Казан қаласындағы аграрлық университетке магистратура білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға ұсыныс түсіп, ғылым жолына алғашқы қадамым жасалды. Қазіргі таңда облыстық «Жас ғалымдар альянсы» қоғамдық бірлестігінің президентімін.

Елімізде ғылым саласына көп мүмкіндіктер



қарастырылған, тек оны оңтайлы пайдалану керек. Университет ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызы да биыл тың идеялардан құралған, түрлі зерттеулер жүргізіп жүрген жас ғалымдарды қолдау мақсатында арнайы грант бөлді. Жеңімпаз атанған жобамның тақырыбы: «Органикалық қалдықтардан тыңайтқыш дайындау» деп аталады. Бүгінде аталмыш жоба бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта экологиялық мәселелерді шешу жөнінде бірнеше жоба дайындап, ғылымға өзіндік үлесімді қосқым келеді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінің табалдырығында тұрып, осындай бірлігі мықты елде туғанымға шексіз қуанамын.

**Ботакөз БАҚБЕРГЕНОВА,**  
университеттің медиа орталығының  
жетекшісі

**Университет медиа рейтингісі бойынша үздік үштікте**



Бала кезімнен осы тақырыпта шығарма, өлең жазу барысында көп ізденетінмін. Әрқашан тәуелсіздік құрбандарының тағдырына бейжай қараған емеспін. Сондықтан желтоқсан оқиғасына қатысқан қайсар мінезді, ұлтжанды, ержүрек жастардың басынан кешкендерін оқыған сайын, жаным түршігеді. Қазір мұның бәрі өткеннің еншісінде қалды. Дегенмен күні кеше болғандай, оқиғаның әлі сызы кетпейді, үнемі жаңғырып тұрады.

Менің мамандығым – журналист. Мамандығым бойынша түрлі салада қызмет етіп көрдім. Қазіргі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің имиджін қалыптастыруда қызмет етіп жүрмін. Бүгінде университет жоғары оқу орындары рейтингісінде 7 орында болса, медиа рейтингісі бойынша үздік үштікте. Университет медиасына Ұлттық деңгейдегі университеттер секілді контент жасауға мамандар әзірлеп, үздіктер сапында болуды мақсат тұтамын.

Тәуелсіздігімізді сақтап, еліміздің дамуы үшін әр адам өз саласының мықты маманы болу керек деп есептеймін. Сонда ғана іргесі берік, тұғыры биік елдің бір кірпіші болып қаланамыз!

**Сағатбек СИЮОВ,**  
«Жылы жүрек» қоғамдық қорының  
жетекшісі

**Қайырымдылық жасау – жұмыс емес, адами парызым**

– Ата-бабамыз білектің күшімен болашақ ұрпақ үшін деп жерімізді сақтаса, Желтоқсан оқиғасындағы жастарымыз да ұлт үшін үлкен қайсарлық танытты. Тәуелсіздік бізге Алланың берген тәтті сыйы. Батыр ұл-қыздардың қаны төгіліп, жандары пида етілген тәуелсіздігіміздің қадірін, біз жастар, ұғынуымыз керек. Өзім тәуелсіздіктің төл құрдасы екенімді мақтанышпен айтамын. Елімізде тағдырдың тәлкегіне түсіп, өмір сынағына ұшыраған мүмкіндігі шектеулі жандар көп. Бүгінгі таңда сол өзімнің тағдырластарымды қоғаммен байланыстыруда көптеген іс-шаралар ұйымдастырып жүрмін. Оның бірі – «Жылы жүрек» қоғамдық қоры. Ерікті жастардан құралған топ көмекке мұқтаж жандарға үнемі қолғабыс болып,



қайырымды істердің бел ортасында жүреді. Осындай белсенді еріктілердің басын қосып, әртүрлі шараларды өткізу – жұмыс емес, керісінше адами парызым деп білемін. Негізгі мақсатым – Қызылорда қаласын кедергісіз аймаққа айналдыру.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып, қақын бар жүгіруге» деген өлең жолдары мені әрдайым қанаттандырады. Болашақта еліміздің дамуына өзіндік үлесімді қосып, келешек ұрпақ үшін еңбек еткім келеді.

**Сұқбаттасқан: Аида БАТУХАН**

## ТАРИХ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

«Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес». Ұрпаққа осынау ұлы сөзді аманат еткен біздің дана халқымыз «бүгіннің - кешеден басталып, ертеңмен жалғасатынын» ашып айтып көрсеткен. Сан ғасыр бойы иісі қазақтың барлығы өзге елдің отарында болып, боданына айналды, десе де, өз рухани құндылығы мен байлығын сақтап қалды. Ол - ұлт тілі мен ұлт дәстүрі.

Басына қонған бодандық тәжин құлатып, қазақтарға бейбітшілік, тәуелсіздік бақытын сыйлаған Ұлт жанашыры, Елбасы, Елағасы - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Сан ғасырлық саясаттағы күрмеуді шешіп, алаш жұртына азаттық алып берген заңғар жанның есімі ел есінде мәңгі сақталмақ.

Біз - қазақтығымызды өз руханиятымыздың, сауаттылығымыздың нәтижесінде жіті ұғынып жүрміз. Бабалар аманаты да - нағыз рухқа тәрбиеленетін қазақ болмысы. Бұл аманатты еш уақытта жоғалтпай ту ете білу - борышымыз, арымызбен байланған қымбат құндылығымыз. Қазақтар үшін өмір сүрмегінде екі үлкен ұғым бар, бодандық пен бостандық. Осы атаулардың ара - жігін ажырата біліп, қасиетін болашақ ұрпаққа

түсіндіру борышымыз. Бірақ, бүгінде болмысы биік ұлттың бірлігін бүтіндеп жүрген жастар некен - саяқ. Өйткені бейбіт заманның қандай нәубетпен келгенін толығымен ұғына алмай жүргеніміз. Бұл арада Елбасы еңбегінің үстемдігін айтқым келеді. Жаңа заманның жиегіне шығарған жан өлшеусіз құрметпен, шексіз сыйға лайық деп білемін. Қазақ қоғамы үшін ар - намыс сөзі таңсық емес, елі мен жері үшін әрбір жастың ерік-жігері сарқылмауға тиісті.

**Сымбат ЕРБОЛАТ,**  
2-курс студенті

## ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ

Егемендікке қол жеткен, дамудың жаңа жолына түскен қандай да бір үлкенді-кішілі мемлекет алдымен өзіндік ішкі сыртқы саясатын айқындап алатыны белгілі. Бұл мәселе осы екі саясатта үш түрлі көрініс береді. Біріншіден, мемлекеттің сыртқы саясатында шет елдермен қарым-қатынаста қолданылатын тіл ресми белгіленеді. Екіншіден, көптілділік жағдайында мемлекеттің ішкі саясат жүйесінде тұрақты тіл саясаты белгіленіп, онда тілдердің мәртебелері мен қолданылу аялары айқындалады. Үшіншіден, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясаттары сол мемлекет халқының ортақ негізгі тілінде түзіле отырып, жұртшылыққа баянды етіледі. Олай болса, мемлекеттік тіл алдымен «билік тілі». Өйткені мемлекет – басқарудың институты мен тетігі (механизмі) десек, мемлекеттік тіл – басқарудың институттанған тілі, биліктің өмір сүру тілі. Сан алуан тілде сөйлейтін адамдардың өз ана тілін және өзге тілдерді меңгеру мүддесін қорғау міндетіне жауап беру үшін билік пен тіл тұтастыққа бірігеді. Біріншісі екіншісіне көмектеседі, екіншісінің көмегімен біріншісі қосымша күшке ие болады. Мемлекеттік тілді білудің әлеуметтік қажеттілігі табиғи түрде жүзеге асқанда одан ұтатын тек мемлекет қана емес, сол мемлекеттің әрбір азаматы болмақ.

Мемлекеттік тіл – көптілді, сондай-ақ біртүлді қоғамның өзі айналып өте алмайтын аса қажетті құбылыс. Ол жоғарыда айтып өткеніміздей, әрбір мемлекеттің саяси құрылымына, өзіндік ұстанған ішкі, сыртқы саяси бағыттарына байланысты әрқалай сипатталады. Мәселен, Франция, Испания, Шри-Ланка, Пакистан, Малайзия, Судан, Қытай сияқты елдерде мемлекеттік тіл – оны жариялаған ел азаматтарының барлығы міндетті түрде білуге тиісті тіл болса, Индонезия, Филиппинда мемлекеттік тіл көптілді елдің түрлі халқын саяси-мәдени бірлікке

ұйымдастырудың тиімді құралы деп анықталады. Енді бір елдерде екінші бір тілді мемлекеттік деп тану ол елдің халқын екіге жаруға әрекет ету деп бағаланады. Сол сияқты бірқатар елдерде мемлекеттік тіл – мәртебесін талқыға салуға Конституция бойынша барлық деңгейде тыйым салынған тіл. Сонымен жоғарыда айтылғандарды негізге алар болсақ, «мемлекеттік тіл» ұғымының мәнін былайша түсіндіруге болады:

1. Көптілділік жағдайында барлық тілдерді тең сақтау немесе бірдей дамыту мүмкін бе? Тіл проблемасы – дүниедегі 200-ден астам мемлекетте зерттелетін үлгі. Өйткені мемлекет халқы мейлі бір ұлттан тұрсын, көп ұлттан құралған болсын, бәрібір өзіндік тіл проблемаларынсыз болмайды. Айталық, бір ұлтты мемлекетте тіл мәселесі таза лингвистикалық сипатта, яғни халықтық тілдің жекелеген өмір сүру салалары арасында өрбиді. Мысалы, дүние жүзінде бір ұлтты мемлекет ретінде танылатын Жапонияда мемлекеттік тіл проблемасы жапон диалектілерінің арасында өршіп отырғандығы байқалады. Ал көпұлтты мемлекеттерде тіл мәселесі жекелеген тілдер арасында ұлтаралық деңгейде болып, саяси-лингвистикалық реңкке ие болады. Өйткені көптілділік жағдайында барлық тілдерді әрдайым тең сақтау немесе бірдей дамыту мүмкін бола бермейді. Тілдердің заң жүзіндегі теңдігі мен қызмет ету аясындағы теңдігі деген екеуі екі бөлек түсінік. Конституция тілдер теңдігін жариялауы мүмкін, алайда олар қызмет ету ауқымы жағынан ешқашан тең болмайды. Көптілділік жағдайында ылғи да бірді-екілі тіл этносаралық қарым-қатынас құралы болып, бөлектеніп отырады. Сондықтан мұндай көптілділік жағдаятты елде демократиялық бағыттағы тіл саясаты екіжақты мақсатты ұстауды қажет етеді: а) әрбір жекелеген тілдердің өмір сүруі мен дамуын қамтамасыз ету; ә) қандай да бір тілдің

бүкіл ел аумағында этносаралық қарым-қатынас құралы ретінде қызметтік мәртебесін бекіту. Тілдерді дамыту ісі осылайша нақтылы жоспарланған түрде жүргізілуі тиіс. Бұл – әлемдік қалыпты жағдай (стандарт).

2. Қандай тілді ел аумағында міндетті мемлекеттік деп тануға болады? Тіл мәртебелерінің ішіндегі ең маңыздысы – мемлекеттік (ресми) тіл. Қандай да бір тілдің ел аумағында мемлекеттік тіл болып танылуы үшін ол барынша дамыған тіл болуы керек. Тілдің дамығандық деңгейін белгілі социоллингвист-ғалым Ч. Фергюссон мынадай үш түрлі белгіге ие болуымен анықтайды:

1. Графикаланған (графизация), яғни жазу жүйесі жасаған тіл.

2. Жүйеленген (стандартизация), яғни ауызша және жазбаша формалары нормаланған тіл.

3. Жаңарып жетілген (модернизация), яғни лексикалық, синтаксистік және стилистикалық жағынан жетілген, терминологиясы бай, осы заманғы ғылыми-техникалық прогресс пен саяси өмірді қамтамасыз етуге жарамды тіл болуы керек.

Осы белгілерге қарасақ, елімізде мұндай деңгейдегі тіл – қазақ тілі. Тек қазақ тілі ғана Қазақстан халқының басын біріктіруші, этносаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін аралық тіл бола алады. Сондықтан да қазақ тілі – мемлекет қамқорлығына алынған мемлекеттік (ресми) тіл. Қазақ тілі - әлемдегі 5661 тілдің ішінде өзінің сөйлеушілері жағынан жетінші ондықтағы тілдердің бірі. Ол құрылымдық – жүйелік жағының түбегейлі зерттелген, өзіндік әдеби нормасы мен стилдері қалыптасқан ұлттық тіл.

Қазақ тілі – көне түркілік құрылымды сақтап қалған түркі тілдерінің Ата тілі. Бұл қазақ тілінің түркі халықтары арасындағы халықаралық тіл қызметінде қолданылуының бір айғағы болмақ. Сондықтан қазақ тілі өзіне жүктелген міндетті толығынан атқара алатын, болашағы баянды, көсегесі көгеретін ұлтымыздың қымбат қазынасы.

Аман МӘДЕЛХАНҰЛЫ,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор

## БАТЫР БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ РУХЫНА БАС ИЕМІЗ

Еліміздің өзіне лайық тарихы бар десек, соның бір кесек бөлігі Сыр бойының еншісінде. Олай дейтінім, біздің өлке дара туған атағы алысқа кеткен батырлар мен баһадүрлердің, сөз мәйегін тартқан шайырлар мен шешендердің отаны. Тарихтан белгілі, өркениетті елдер ең әуелі осы Сыр бойына қарай сұқтарын қадаған. Ұлы жорық басқарушылары Кир мен Дарий, Ескендір Зұлхарнайын да Сыр бойына келіп маңдай тіреген. Бірақ олар да жолбарыс жүректі сақтар мен массагеттердің тегеурініне шырмамай, кері қайтқан. Шапқыншылардан елін, жерін қорғауда қазақтардың ұлт-азаттығы жолындағы күресте айрықша қаһармандық танытқан ірі тұлғалардың бірі - Бұқарбай батыр Естекбайұлы.

Бұқарбай Естекбайұлы көне көз қариялардың бірінен-біріне қалдырған әңгімелеріне қарағанда 1812 жылы Қызылорда облысының Жалағаш ауданына қарасты қазіргі Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Шыққан тегі Кіші жүздің Табын тайпасынан, оның ішінде Теке, одан Атанша болып тарайды. Әкесі Естекбай аздаған күн көрісті шаруа болса да, адалдығымен, еңбек сүйгіштігімен ауыл адамдарының құрметіне бөленген кісі екен. Баласы болмаған Естекбай аты шыққан әулие-әмбилерді жағалап, Бұхар төбесіндегі Баһуадин әулиенің басына да түнейді. Сол жерде оның түсінде әулие аян береді. Ақ киімді, аса таяғы бар кісі: «Он ұл берейін бе немесе он ұлға татитын бір ұл берейін бе?» десе керек, «тілегінді айт» деп тұрғанда сасқалақтаған Естекбай «Бір ұлға зар болып жүріп, он ұлды сұрағаным болмас» деді де: «Бір ұл берсең де ризамын» деген екен. Әулие батасын беріп: «Бір өзі оңға татитын батыр болар ұл бердім, ажалы кісіден болмас, құдайған болар, еліне қайта бер» деген екен.

Бұқарбай батыр Кенесары бастаған ұлт-азаттық

қозғалысына белсене қатысты. Оның қосынындағы ерлікті оқиғаға толы 10 шақты жыл батыр өмірінің аса маңызды тұстары. Батырдың Сыр бойы халқы үшін еткен еңбегінің бірі Ақмешіт қамалының төменгі жағындағы қокандықтар байлап тастаған кара бөгетті бұзуы. Кара бөгеттің жығылуы жер анаға әр кіргізіп, тіршілікке сән береді, мал өрісі кеңиді, елдің ырзық несібесі көбейді.

1993 жылдың тамыздың тамылжыған күндерінде



Жалағаштықтар торқалы тойдың куәсі болды. Жалағаштан ардақты атамызға ескерткіш орнатылып, үлкен көшеге есімі берілді. Бұқарбай есімімен аталған ауылда жаңа мешіт ашылып, жаңа мұражай жабдықталды. Мұндай игілікті істер ұрпақтарының батыр рухына тағзымы іспеттес.

Еліміздің тарихындағы соңғы екі ғасырдың ұрымтал оқиғалары кейінгі кезде ғана тайға таңба басқандай жан-жақты баяндала бастады десек, артық айтқандық болмас. Әсіресе, жариялылық саяса-

ты талай шындықтың бетін ашуға, ақ пен қараны ажыратуға, пікірімізді жасқанбай айтуға жол ашып берді. Бұлай деуге себеп, осы Кенесары бастаған көтерілістің көп жылдар бойы басқаша сипатта тарап беттерінен орын алуы бізді қынжылтқаны.

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлға болған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жажуырек, батыр ұлдары мен қыздарын мол жаратқан. Ұлт содан аман қалған.

Жалпы «батырлық» ұғымын терең мағынада қарастырған ләзім. Әр дәуірдің, әр саланың өз «батырлары» бар деп есептеймін. «Батырлық-білекте емес, жүректе» деп қапысыз айтқан дана халқымыз бұл ойымды нақтылай түседі. «Ақ күріштің атасы» атанған Ыбырай атамыз, «темір тракторды» тізгіндеген Жадыра, Қасымтай, қоймаға күрішті еселеп құйған Сәлима әжелеріміздің еңбегін ерлік деп ұғынамын. Ұлы Отан соғысы тұсындағы, тәуелсіздік жолындағы желтоқсандық батырлар ерлігі жазылған, жазылар дастан бір төбе. Олимпиадаларда еліміздің туын желбіретіп, әнұранымызды сан мәрте шалқытқан толағайларымызды да батыр десек жарасар.

Ұлылардың өмірі, ерлігі бізге қашанда үлгі-өнеге. Біз сол кісілердің тағылымды өмірі арқылы тәрбиеленеміз, бойымызға патриоттық, отансүйгіштік сезім жинап өсеміз.

Туған жердің тұтастығы, туған елдің азаттығы жолында арыстандай алысып өткен баһадүрлердің бірі Бұқарбай атамыздың ұрпағы екеніміз мақтанышпен сезінеміз. Қайсар рухты қазақ барда, егемен ел Қазақстан барда өткен батырлар рухына тағзым бола бермек, қазіргі заман батырларына лайықты құрмет көрсетілетек, болашақта әлі талай дүйім жұртты тамсандырар батырлар туылмақ!

Лайым, солай болсын!

Аида БАТЫРБЕКҚЫЗЫ

## СЫР СПОРТШЫЛАРЫ – МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Кәрімова Әлем чемпионаты және ТМД елдерінің спартакиадасы, ҚР чемпионаттарында жеңімпаз атанған студенттермен кездесті.

– Ерік-жігерлерін шыңдап, биік мақсаттарға талпынған әрбір шәкірт – біздің мақтанышымыз! Бұл университет үшін ғана емес, еліміз үшін үлкен жетістік. Әрбір жеңістің артында үлкен дайындық, маңдай тер, ата-ана мен ұстаз, бапкерлеріңіздің үміті тұр. Шаршы алаңға шыққанда университет ұжымы әрқашан басты жанкүйер болатынын ұмытпаңыздар! Біз сіздерге қолдау көрсетуге қашанда дайынбыз. Алдағы уақытта да ел мерейін асқақтата беретіндеріңізге сенімдімін, – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Биылғы қыркүйек, қазан, қараша айларында университет білім алушылары халықаралық, республикалық спорт додаларында бақ сынап, үздіктер қатарынан көрінді.

Спорттық жарыстарда жеңімпаз атанған студенттер университет төсбелгісі мен арнайы марапатын иеленді. Олар:

1. Камал Дамир – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем кубогінің иегері, Әлем чемпионы, ҚР ХІ жазғы универсиадасының жеңімпазы, ҚР-ның сегіз дүркін чемпионы

2. Қонысбек Алишершарип – ҚР спорт шебері,

Әлем кубогінің иегері, Әлем чемпионы, Азия чемпионатының күміс жүлдегері, ҚР-ның төрт дүркін жеңімпазы



3. Әсемгүл Ердәулет – ҚР спорт шебері, Әлем кубогінің иегері, Әлем чемпионы, ҚР-ның үш дүркін жеңімпазы

4. Кубаш Бақдәулет – ҚР спорт шебері, Әлем кубогінің иегері, Әлем чемпионы, ҚР-ның үш дүркін жеңімпазы

5. Темірлан Қуанышбаев – Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия чемпионы, ҚР-ның екі дүркін жеңімпазы, екі дүркін күміс жүлдегері

6. Назерке Нұрғали – ҚР спорт шебері, әйелдер арасында ХД ФИДЕ шебері, екі дүркін Әлем чемпионы, бес дүркін Азия чемпионы, ҚР-ның он бес дүркін жеңімпазы

7. Шынар Абатова – Самбо, Дзюдо және Қазақша күрестерінен ҚР спорт шебері, самбодан Азия чемпионатының күміс жүлдегері, самбодан ҚР -ның үш дүркін жеңімпазы, дзюдодан ҚР-ның жеңімпазы және екі дүркін күміс жүлдегері, қазақ күресінен ҚР-ның жеңімпазы

8. Ақтоты Зарип – Самбо, Дзюдо және Қазақша күрестерінен спорт шеберлігіне үміткер, самбодан Әлем және Азия чемпионаттарының қола жүлдегері, самбо күресінен ҚР чемпионы және бірнеше дүркін жүлдегері, қазақ күресінен ҚР чемпионатының бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері, дзюдо күресінен ҚР чемпионатының күміс және қола жүлдегері

9. Асылзат Дөненбаева – ҚР спорт шебері, ҚР-ның үш дүркін жеңімпазы, бес дүркін жүлдегері

10. Камал Бақдәулет – ҚР спорт шебері, ҚР-ның үш дүркін жеңімпазы, сегіз дүркін жүлдегері, өз салмағы бойынша екі рекорд орнатқан

11. Ғабиден Урынбаев – ҚР спорт шебері, Әлем чемпионы, Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы және екі дүркін жүлдегері, ҚР-ның 10 дүркін жеңімпазы және 3 дүркін жүлдегері

## ШАХМАТ-АҚЫЛ-ОЙДЫҢ СПОРТЫ

Шахмат – ақыл-ойды дамытатын спорттың бір түрі. Ежелден жеткен аңыздарға сүйенсек, шахматты алғаш болып біздің заманымызға дейінгі мың жыл бұрын үндістандық математик ойлап тапқан деседі. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне, сөздік қорының дамуына көмектесетін спорттың бұл түріне қызығатындар көп. Тіпті, әлемдегі ел басқарған айтулы саясаткерлер шахмат ойнап, табысқа жете білген. Технологиялық машиналар және жабдықтар мамандығының магистранты бүгінде университет жанынан «Қорқыт Ата» орталығын ашып, жас та болса кәсіпкер атанып үлгерген Бибінұр Өткелбай да балаларды шахматқа баулып, Қазақстан бойынша жүлделі орындардан көрініп жүргенін айтады.

– Университет қабырғасында оқып жүріп, кәсіп



бастағысы келетін студенттерге басшылық тарапынан қолдау көрсетілетінін естіп, өз жобамды дайындадым. Нәтижесінде «Қорқыт Ата» орталығын

ашу жобасы инвесторларға ұсынылып, өз жұмысын бастады. 2018 жылы «Чемпион» шахмат клубын ашып, қаламыздағы ең мықты тренерлерді жинақтауды бастадым. Қазіргі таңда шахмат клубында 130 дан аса оқушы білім алуда. Олардың ішінде қала, облыс, республика көлемінде жетістікке жеткен балаларымыз да бар. Сонымен қатар, университет студенттері де біздің орталыққа келіп шахмат ойнауды әдетке айналдырған».

Шахмат тастарын қалыптастырушылардың бірі Цессолес өз заманында: «Шахмат тақтайшасындағы әрбір тастың өмірдегі атқаратын құқығымен қатар, міндеттері бар», – деп бекер айтпаса керек. Сондықтан өмірлік қағидалар мен ұстанымдардың қалыптасуына ақыл-ойдың спорты атанған шахматтың көмегі орасаң.

Әсел АСЫЛБЕК,  
2-курс студенті

## ШЫНАР АБАТОВА:

– Шынар, өзіңнің туып-өскен жерің туралы айттың берсең? Спортқа қалай келдің?

– Сыр елінің таңғажайып ауылдарының бірі Ақжармаданмын. Алақандай ғана ауылдың Алағандай намысын қорғап жүрмін. Жасым он сегізге толмаса да Қазақстанның атын әлемге тануға тамшыдай болсын үлес қосып жүргеніме қуанамын. Қарапайым отбасында дүниеге келдім. Бала күнімде тентек болғандықтан болар, 2013 жылы өзімнен үлкен бауырым спортқа жетеледі. Содан бері бар күш-жігерімді жаттығуға арнадым. Спорт адамды тәртіпке қарай бағыттайды екен. Осыдан 7 жыл бұрын тәрбие берген өз бапкерім Жанар Дүйсекенова апайыма алғыс айтамын. Маған алдымен: «сенің адам болғаның керек» деп тәрбиеледі. Өзімнің замандастарымды салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын. Қанша биікке шықса да, адамгершілік қасиеттен аттамау керек.

– Қыз бала үшін спорттың бұл түрі қиын емес пе?

– Мен үшін қиын емес, өзіме қатты ұнайды. Бірақ әр жеңістің артында үлкен еңбек жатыр.

## «АЛАҚАНДАЙ ҒАНА АУЫЛДЫҢ АЛАТАУДАЙ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ЖҮРМІН»

Сол маңдай тердің нәтижесін көргенде, барлық қиындықты ұмытып кетемін.

– Жарыс алдында қобалжу болады ма? Өзінді қалай жігерлендіресің?

– Әрине жеңіске жету оңай емес. Жүз рет құласам да, жүз бірінші рет тұруға тырысамын.



Бұл - спорт. Сондықтан жеңіс те, жеңіліс те болады. Бәрін көтеруге тырысамын. Жарыс мен үшін - қазақ бауырымды ұту емес, қазағымның туын шет елдерде желбірету. Бұл мен үшін нағыз патриоттық сезім.

– Өзіңе қандай спортшыларды үлгі тұтасың?

– Токио 2020 олимпиадасының Елдос Сметов ағаны үлгі тұтамын. Оның өзі үшін емес, елім үшін деп соғатын жүрегі ұнайды.

– Өмірлік ұстанымың?

– Тек алға, Қазақстаным! Көк туымның биікте желбіреп, Әнұранымның әлемде шырқалуы үшін аянбай еңбек етуден тынбаймын.

– Алдыға қойған мақсатың?

– Ол туралы нәтижеге жеткенде жариялаймын. Әзірше құпия болғаны жөн.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңе рақмет. Алға қойған мақсаттарыңа жетіп, жеңістің ең биік шыңына шығуыңа тілектеспін!

Сұхбаттасқан: Назерке ШАРАПАДИН



**СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ  
ӨНЕРІ КАФЕДРАСЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУЫ**



**Тәуелсіздік туралы  
тебіреніс!**

Шетсіз, шексіз, мынау жатқан құла дүз.  
Айтары көп шежіресін сұраңыз.  
Ұлы дала әр төбесі бір аңыз,  
Екендігін білеміз бе, сірә біз?

Кәрі таулар көне сокпақ қырат бел.  
«Ақтабанда» «Елімайлап» шұбапты ел  
Ұрпақ үшін ұлы істерге мұраткер.  
Бабалардың басы қайда сұрап кел.

Беймаза күн берекесіз бәлсінген,  
Өксік дала өмір сүрсін алсын дем.  
Арманынан адастырып аршын кем,  
Шежіреңе шер тамшылап, қан сіңген.

Өтті дала, дүбір дала күбір мұң  
Іргесінде ілкі заман іңірдің,  
Қанатына қондырып ар ғұмыр күн.  
Көк байрақ тұр биігінде тұғырдың.

Көк байрақ тұр аспанмен тілдесіп,  
Бақытымды барлық әлем біл десіп,  
Астанамыз армандармен бірге өсіп,  
Жастарым жүр жасыл орман гүл кешіп.

Тәуелсізбіз, тәубе, шүкір бүгінгі ел  
Бақытынды бағалай біл, ұғын, кел!  
Қазақ дейтін тегі таза тұғырлы ел  
О, Жаратқан мәңгілікке ғұмыр бер!

**Бактөре АЙТБАЕВ**

**Тарихқа тағзым**

Көз салсам қилы заман өткеліне,  
Тағдырдың төзіп талай өкпегіне.  
Бабамның жүріп өткен ізі жатыр,  
Тарихымның қан тамған беттерінде!

Қазақтың мекен еткен көк белінде,  
Алашымды теңеймін Көк бөріге!  
Шәкәрім, Жүсіпбек пен Міржақыптар,  
Адал қызмет сіңірді текті еліне.

Бұл нәубет тамырға у сеппеді ме?  
Қалың елім кайғы мұң шекпеді ме?  
Өкінемін Алаштың асылдары,  
Жазықсыздан оққа ұшып кеткеніне.

Сәкен, Ілияс, Бейімбет арыстарым,  
Бірің тұйғын, бірің сұңқар арыстаным.  
Бірің күн, бірің ай боп аспанымда,  
Замана ағымынан қалыспадың.

Ахмет, Мағжан, Міржақып шамшырағым,  
«Оян Қазақ», «Оян» - деп қамшыладың.  
Күрестің өз ұлтыңның мүддесі үшін,  
Қалғанша бойыңдағы тамшы қаның.

Үш бәйтерек, бес арыс тектілерім,  
Жарқ еткен жасын ғұмыр өткір едің.  
Бағына жаратылған Алашымның,  
Қасиетті бойтұмары деп білемін.

Ыдырап бодандықтың түнегі де,  
Бейбіт күн нұрын шашып тұр еліме.  
Бабалар аңсап кеткен тәуелсіздік,  
Бүгінде әр қазақтың жүрегінде!

**Зейнеп АМАНГЕЛДІ**

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университеті  
Газет Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық келісім  
министрлігінде тексеріліп, №331-Г  
күәлігі берілген.

**Бас редактор:**  
**Қ.Ә.Омаров**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Б.С.КӘРІМОВА** -  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
Басқарма Төрағасы-Ректоры  
**А.Т.ЖҮНІСОВ** -  
Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.  
**Ж.Н.БАЗАРТАЙ** -  
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор  
**Ғ.Ә.ТҮЯҚБАЕВ** - университет профессоры

Газет тілшісі:

**Аида**  
**БАТЫРБЕКҚЫЗЫ**



Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.